

9 The Secret History of the Mongols A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century. By Igor de Rachewiltz The Australian National University. 2015.-270 p.

10 Qazaqstan tarihy turaly mongol derektemeleri [Mongolian sources on the history of Kazakhstan]. II tom. Lubsandanzan. Ejelgi handar negızın salgan torelık josygynyn tuyndylaryn qurastyryp, tuindegen Altyn tobchy (Altyn tuin] demek-dur. - Almaty: Daik-Pres, 2005.-305 p. [in Kazakh].

11 Abilgazy. Turik shejiresı [Turkic chronicle]. - Almaty: Ana tılı, 1992.-208 p. [in Kazakh].

12 Qazaqstan tarihy turaly mongol derektemeleri [Mongolian sources on the history of Kazakhstan]. I tom. -Almaty: Daik-Pres, 2006.-400 p. [in Kazakh].

13 Jalaiyri Q. Shejireler jinagy [Chronicle collection]. - Almaty: Qazaqstan, 1997.-128 p. [in Kazakh].

Received: 11.06.2024

FTAMP 17.07

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp194-206](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp194-206)

П.Қ. Бисенбаев¹, С.Б. Тілеубаев¹, А.М. Ибрагим¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒЫНЫ» ДАСТАНЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ: ТАРИХИЛЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІПкерлер Әлемі

Тарихи-фольклорлық үлгілерде ХІХ ғасырдың орта шенінде орын алған Жасауыл қырғыны оқиғасының әртүрлі нұсқалары сақталған. Мақалада ел ішіне кең тараған сондай жыр-әңгімелер негізінде жазылған Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастанының нұсқаларына тән ерекшеліктер жайы сөз болады. Нақтылай түссек, бір автордың қаламынан туғанымен, екі бөлек уақытта жазылған қос нұсқаның сюжеттік желісінде, кейіпкерлер әлемінде, тартыс сипатында, көркемдік кестесінде, тарихи шындыққа қатысы мен идеялық мазмұнында кездесетін айырмашылықтардың түпкі себебі ашылады. Шағын зерттеуде баспа бетін көрмеген сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түсе қоймаған тың деректер мол кездеседі. Сонымен бірге өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері қарай Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілерді жинап, зерттеуге тыйым салынған кезде «Жасауыл қырғыны» дастанының хан Кененің «қылмысын» әшкерелейтін шығарма ретінде кеңестік идеология құралына айналғаны да авторлар назарынан тыс қалмайды. Мақалада ел басынан өткен күрделі кезеңнің сипаты мен саяси қақтығыстар сыры да айқындалады.

Кілт сөздер: нұсқа, жанр, кейіпкерлер әлемі, сюжет, тартыс, ақын, бейне, фольклор, автор.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына тікелей қатысы бар әртүрлі оқиғаларды өзек еткен тарихи-фольклорлық үлгілердің көркемдік кестесі, идеялық мазмұны, олардың тарихи негізі мен жанрлық сипаты жайындағы мәселелерге қалам сілтеген ғалымдар аз болған жоқ. Мысалы, ХХ ғасырдың 20-жылдары Х.Досмұхамедов Кенесары туралы жыр-аңыздардың көтеріліс тарихына қатысын баяндаса, М.Әуезов Нысанбай жырының мән-маңызы жайында ой толғайды. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Е.Ысмайылов Кенесары қозғалысына қатысты жыр-аңыздардан көлемді жинақ құрастырды. Ал Қ.Жұмалиев орта мектептің 8-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқулығында Нысанбай жырау мұрасына арнайы тоқталды. «Правда» газетінде 1950 жылдың 26 желтоқсанында жарияланған

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаладан кейін Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Е.Ысмаилов, Қ.Жұмалиев сынды ғалымдар сотталып, билік басындағылар қазақ оқығандарын үнемі бақылауда ұстады.

Содан кейін Кенесары қозғалысы туралы фольклорлық үлгілерді жарыққа шығару, олар туралы пікір айту егемендік алғаннан соң ғана мүмкін болды. Тарихи тұлғаларға байланысты тарихи жырлар бірталай еді. Осы орайда Кенесары қозғалысын өзек еткен тарихи мұраларға тікелей қатысты ең соңғы тұжырымдар Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, С.Қирабаевтардың мақалаларында көрініс тапты.

Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастаны алғаш 1926 жылы хатқа түскен болатын. Кейін, 1950-жылдардың ішінде, Кенесары қозғалысына қатысты тарихи-фольклорлық үлгілерді зерттеп, ғылыми айналымға түсіргені үшін Е.Бекмаханов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиевтер жаппай айыпталып жатқанда, «Жасауыл қырғыны» дастаны Кенесары-Наурызбай қылмысын әшкерелейтін бірден-бір шығарма ретінде қайта жазылды. Көпшілік оқырманға мәлімі – осы нұсқа. Біз Н.Ахметбеков қаламынан тұған бір жырдың екі нұсқасына тән ерекшеліктерді және аталмыш нұсқалардың өмір шындығына қатысын таратып көрсетуді жөн көрдік.

КІРІСПЕ

Дастан – көне тамыры бар, әртүрлі мәдениеттерде, соның ішінде күрдтер, эзірбайжандар, түріктер, ирандықтар және басқа халықтардың мәдениетінде кең таралған халық эпостық поэзиясының жанры. «Жасауыл қырғыны» дастаны ХХ ғасырдың 50-жылдары жарық көргенімен, арнайы зерттеу объектісі болған емес. Негізінен, Кенесары қозғалысын айыптайтын шығармалар қатарында аталып жүрді. Мақаланы дайындау барысында тарихи есімдер мен олардың тарихи шынайылығы, белгілі тарихи оқиғалардың жырдағы көрінісі, тарихилық аясындағы сюжеттік құрылым, т.б. мәселелерді өзара байланыста алып, жүйелі түрде тексере келе, «Жасауыл қырғыны» жырының тарихи негіздерін анықтап, көркемдік ерекшеліктерін айқындауды мақсат тұттық.

Бұл мақала негізіне «Жасауыл қырғыны» жырының әр жылдарда хатқа түскен екі нұсқасын арқау еттік. Зерттеу барысында мысалға келтірілген жыр үзінділері Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорынан алынды. «Жасауыл қырғыны» жырының алғашқы нұсқасы оқырман қауымға енді ғана танылып жатыр. Бұл мақала – ескі мұраны оқырманға таныту, ғылыми айналымға түсіру саласында жасалуға тиіс үлкен шаруаның бірі.

«Жасауыл қырғыны» дастаны және оның тарихилығы, кейіпкерлер әлемі тақырыбы осы себептерге байланысты өзекті болып қала береді. Тарихи және фольклорлық үлгілерде он тоғызыншы ғасырдың ортасындағы Жасауыл қырғынының әртүрлі нұсқалары сақталған. Мәселен, Н. Ахметбековтің халық арасында кең тараған поэтикалық әңгіме негізінде жазылған «Жасауыл қырғыны» поэмасы нұсқасының ерекшелігіне екі бөлек уақытта жазылған екі нұсқаның сюжеттік желісі, кейіпкерлер әлемі, тартыс сипаты, көркемдік өрнегі, тарихи шындыққа қатысы мен идеялық мазмұнының өзгешелігінің түпкі себебі ашылады. Шағын зерттеуде баспада жарияланбаған сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түспеген тың деректер де қарастырылады.

Жасауыл қырғыны оқиғасына қатысы бар мұрағат деректері ұсынатын құжаттарда да қайшылықтар кездеседі. Демек бұл қатардағы маңызды дүниелерді назардан тыс қалдырмай зерттеу нысанына айналдырып, көркемдік сипатын, тарихи негізін ашып отыру парыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Нұрхан Ахметбеков шығарған «Жасауыл қырғыны» дастанының екі нұсқасының айырмашылықтарын айқындап, өмір шындығына қатысын зерттеудің өзі тарихи-салыстырмалы талдауды, жүйелі зерттеуді талап етеді. Мақалада қаралған проблемалардың басым бөлігі кешенді мәселелердің қатарына жатады. Шығарманың сюжетіндегі өзгерістерді,

оның құрылымдық сипатын, образдар жүйесін зерттеу дегеніміздің өзі кешенді зерттеу әдісінің басты принципі болып табылады. Осы жайларды ескере келгенде, «Жасауыл қырғыны» дастанының нұқаларының тарихи негізін зерттеуде мына әдістер қолданылады деп білген жөн: тарихи-салыстырмалы әдіс, жүйелі зерттеу әдісі, кешенді зерттеу әдісі. Оларды пайдалануда ғылым пәндерінің, ғылыми-зерттеу әдістерінің тоғысуы ескеріледі. Дастанның тарихи шындықты бейнелеудегі маңыздылығына шынайы тарихи фактілердің суреттелетіндігін тілге тиек етеміз. Әдебиет пен тарихтың арасында үлкен байланыс бары мәлім. Осы негіздемені негізге ала отырып, дастандағы тарихи оқиғалар зерттеу нысаны болмақ. Дастанның ішкі мазмұнына үңілерден бұрын сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты ресми құжаттар мен жазбалар назарға алынады. Сондай-ақ, зерттеу мақсатына жету үшін баспа бетін көрмеген сирек қолжазбалар мен әлі ғылыми айналымға түсе қоймаған тың деректер қолданылды. Мәселен, «Байтабын қызының жоқтауы», Қ.Қараевтың «Топжарған», О.Шипиннің «Жеті батырдың тарихы» сияқты мұрағаттарда сақталған мұралар – оқырман қауымға беймәлім дүниелер.

Белгілі бір деңгейде зерттеу тақырыбындағы «тарихилық» және «кейіпкерлер әлемі» туралы сөз қозғағанда, бұл дастанға тиек боп отырған оқиғалар тарихи және мәдени контекстті зерттеуді, сондай-ақ кейіпкерлердің жеке басын, уәждерін және қарым-қатынасын талдауды қамтуы мүмкін. Міне, осы тақырыпты зерттеу үшін қолдануға болатын материалдар мен әдістемелердің мысалдары: 1) Тарихи әдіс: Дастандар көбінесе этникалық дәстүрімен байланысты болғандықтан, халықтың сол уақыттағы мәдениеті мен тарихы туралы зерттеулер. Осы эпостық поэзия туған өлкедегі қоғамдық-саяси жағдайлар туралы басылымдар мен мақалалар. 2) Әдеби сын: Осы дастанға арналған бұрынғы зерттеулер мен сыни еңбектерді талдау. Басқа дастандық немесе эпикалық шығармалармен салыстырмалы талдау жасап, ортақ белгілер мен бірегей белгілерді анықтау. 3) Мәтіндік талдау: Құрылымын, стилін, метафоралар мен бейнелердің қолданылуын ескере отырып, «Жасауыл қырғыны» дастаны мәтінін герменевтика бойынша түсіндіру. Негізгі сюжеттік нүктелер мен кейіпкерлерді анықтау және талдау. 4) Социологиялық талдау: Кейіпкерлердің әлеуметтік және мәдени рөлдері мен олардың қарым-қатынасын зерттеу. Оқиғалар барысы мен кейіпкерлердің мінез-құлқына әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың әсерін талдау.

НӘТИЖЕЛЕР

«Жасауыл қырғынының» бастапқы нұсқасында өмірде орын алған тартысты оқиғалар нанымды, көркем шешім тапқан. Бұлай болуының себебі Нұрхан ақын оқиға болып өткен Торғай өңірінде туып өскен, Жасауыл қырғыны оқиғасын көзі көрген, оның егжей-тегжейін түгел білетін адамдармен тілдескен кісі. Сондықтан ақын XIX ғасыр әңгімесін жаңғырта жырлай отырып, кейіпкерлер болмысын ел ұғымына сай тарихи шындық шеңберінде сомдауға күш салады.

Осы варианттың тарихқа жанасымдылығының тағы бір белгісін ондағы жер-су аттарынан да байқауға болады. Жыланшық, Қараой, Қошалақ, Қарасай, Сыр, Сенгірдің сарлығы, Торғай, Ұлытау, Ақсу, Самсы аталатын жер-су, тау атауларының бәрі де қолмен қойылғандай дәл берілген. Мұнда ойдан шығарылған дейтіндей ештеңе жоқ.

Жыр нұсқаларының ерекшеліктері басталуынан-ақ байқалады. «Жасауыл қырғынының» алғашқы нұсқасында хан көші Ұлытауға аттанса, соңғы нұсқада оңтүстікке бет түзейді. Тарихи дерек көздері Кенесары ауылдарының 1844 жылдың күзі мен қысында Қаракұмда болғанын мәлімдейді. Жалпы 1845 жылға дейін ұлт-азаттық көтерілісінің орталығы Ұлытау, Торғай, Ырғыз, Сыр аралығы болғаны белгілі. Ендеше жыр желісіндегі деректер тарихи шындықтан алшақ емес. Жыр хан көшінің бағытын, уақытының өткен уақытын дәл көрсетеді. Соңғы нұсқада хан Кененің Наурызбайды Барақ пен Баспақ сордан күтіп алып әрі қарай Ақсу, Самсы аспақ ойлары әшкере болады. Дегенмен осы айғақтың өзі де Кенесары қолы соғысқан атыратыптың аумақтылығын аңғартады.

Жалпы «Жасауыл қырғыны» жырының 1926 жылғы вариантының кіріспе бөлімінде Кенесарының кедей-кепшікке менсінбей қарайтын үстем тап өкілі екендігі сөз болады. Ақын өзіне таныс өңірдің табиғатын суреттей отырып, тарихи-этнографиялық фонның астарында Кенесарының Қошалақ, Қарасайды жайлап, елден сый-сыйапат алып, алысқа барымташылар аттандырып көп жылқы иемденгенін айтып үлгереді. Осы шағын деталь арқылы халық үстінен күн көрген тойымсыз хан тұқымының болмыс-бітімін кескіндемек болады. Хан Кене шығармадағы негізгі оқиғаларға қатыспайды, бірақ соның өзінде оның барлық оқиғаның басты ұйытқысы екенін аңғармау мүмкін емес.

Сонымен хан көші Торғай өңірінен ұзап кете барады да, Наурызбай бастаған жүз жігіт зекет жинамақ болып Алшын Жаппас руының келуін күтіп қала береді.

Наурызбай төре Жаңабыл Төлегеновке қарасты Жаппас руынан зекет жинауға Байтабын батырды жұмсай отырып: «Онда барғанда жұртты ұйытар сөзіңді ақылға, насихатқа негізде, ал айтқанға көнбейтіндей, айдағанға жүрмейтіндей сыңай танытса, қайтеріңді ескертіп қой», – дейді. Сонда Байтабынның Жаппастың басты адамдарын жинап айтқан сөзі мынау екен:

Бересің үшкір зекет мал басына,
Туралық етем деген алласына.
Шариғат, хан жарлығы сізге уәжіп,
Жұмсайды пақыр, міскін пайдасына.
...Жүзден – төрт, мыңнан – қырық зекет алмақ,
Ханыңның тәртібі осы берген шақтап [4, 199].

Бірақ Қоқан ханы мен Ресей үкіметіне қараған Жаңабыл ауылының ақсақалы Өтеген қария ел тұтқасын ұстаған мырзалардың Троицк шаһарына аттанып кеткенін, сол себепті Кенесары ханға зекет бере алмайтынын айтып бір жылға мәулет сұрайды. Ауыл ақсақалының хан жарлығынан бас тартып, зекет бермеуге айналғаны Байтабынның ашуына тиеді. Батыр бұл жұрттың ниеті бұзылғанын Наурызбай төреге мәлімдейді. Жаугершілік заманда қояуы кеткен істің не сөзбен, не қарудың күшімен шешілетіні мәлім. Наурызбай Жаңабылға қарасты Жаппас ауылдарының үстінен мылтық атып, ел-жұрттың зәресін алады. Көп ұзамай мән-жайды аңғарған ауыл азаматтары «жаздық, жаңылдық» деп Наурызбайдан кешірім өтініп, зекет төлемекке келісім береді.

Байтабынның Жаңабыл ауылдарына айтқан насихат сөзімен үндес мәтіндер жасауыл қырғыны оқиғасын баяндайтын басқа туындыларда да кездеседі. Мысалы О.Шипиннің «Иман батыр» жырында:

«Бір кезде Жаппас көшті Арқа жаққа,
Бағынған бір ел еді Қоқан жаққа.
Наурызбай жүз жігітпен жолын тосты,
Ол елді Кенекене қаратпаққа.
Тоқтатып, жиып алып үгіт айтты,
Бәріне Қарасай мен Қошалақта:
«Өзіміз еркімізше ел болайық,
Туып па жем болғалы қазақ сартқа?
Баланы жат бауыр қып өсірмендер,
Атаққа құр мәз болып деген датқа», – десе [9, 6],
Қашқынбай Қараев жырлаған «Топжарғанның» соңында:
«Бастығы қырық жігіттің Байтабын ер,
Наурызбай зекет ала Жаппас барды.
Бұрын да елден зекет алушы еді,
Елдерге дәулеті сай барушы еді.
Халықтан азды-көпті алғандарын
Әкеліп хан алдына салушы еді.
Кене хан әділдікпен бөлуші еді,
Жиналған ханға сарбаз, қанша нашар,

Соларға үлестіріп беруші еді», – деген жолдардың куәсі боламыз [3, 2].

Жоғарыдағы жыр мәтіндерінің құрылымында сапалы өзгерістер байқалғанымен, олардың идеялық мазмұнында пәлендей айырма жоқ. Екі автор да бұл сөздерді Жаңғабыл жұртына зекет жинай келген Кенесары жасауылдарына айтқызады. Мұны, әрине, кездейсоқ сәйкестік деп айта алмаймыз. Бұл жолдар Жасауыл қырғыны оқиғасын көзімен көрген алғашқы орындаушыдан қалған маңызды дерек болуы мүмкін. Қалай десек те, аталмыш жыр жолдары Кенесары жасауылдарының ел шабатын ниетте болмағанын көрсетеді.

Алғашқы нұсқадағы Байтабын сөзінің жыр желісіне жайдан-жай еніп отырмағаны анық. Жырды орындаушылар елден зекет жинауға келген Кенесары жасауылдарының атқарып жүрген қызметімен жақсы таныс болған. Тарихи мәліметтер жасауылдарға Қасым ұрпағына қарасты рулардың көші-қон мәселесін реттеу мен зекет, салық жинаудан басқа хан Кененің ел үшін атқарып жүрген істерінің мән-маңызын қарапайым халыққа түсіндіру сияқты жауапты жұмыстар жүктелгенін растайды. Ал жырдағы көрініс хан тапсырмасымен ел ішінен шыққан зекетшілердің қалыпты тәртіпке бағынғандығының, сонымен қатар хан ордасында дипломатиялық корпустың әбден орныққандығының дәлелі.

Әрине, Байтабын сөзінде халық қамын ойлаған Кенесары ханның ұстанымы, саяси-элеуметтік бағдарламасы көрініс тапқан. Онда елден жиналған зекеттің әскер ұстауға, оны қару-жарақпен, ат-көлікпен, тағы да басқа түрлі жабдықтармен қамтамасыз етуге қажет екендігі айтылған. Ал әскер патша өкіметінің қыспағынан, Қоқан ханының зорлығынан азат болып, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін керек екендігі белгілі. Оның астарында Кенесарының ешбір жат жұртыққа бой алдырмайтын еңселі ел болсақ деген асқақ арманы менмұндалап бой көрсетеді.

Тарихи деректер Кенесарының мал шаруашылығымен айналысатын аудандарынан «zeket», егінші қауымнан «үшір» алып отырғанын растайды. Ал А.Ф. Рязанов «Восстания Кенесары Касимова (1837-1847)» атты тарихи очеркінде хан Кенені зекет жинауға итермелеген басты себептердің біріне тоқталады: «... Вследствие затрудненных перекочевок с места на место, они были лишены возможности иметь большие стада мелкого скота, составляющих богатство кочевников. Они лишились своего имущества и не имели даже достаточного количество кибиток, которые составляли излишний груз при постоянных перекочёвках. При таком состоянии хозяйство они не могли существовать за собственный счет. Почему Кенесара для продовольствия их был принужден прибегнуть у сбору зякета с соседних казахов; он разослал для этой цели во все роды своих есаулов» [6, 31].

Ел ішінде қандай жағдай орын алса да, хан Кене зекет жинау жүйесіне өзгеріс енгізбеген. Мәселен, қырыққа жетпеген мал басынан зекет алынбаған, қырықтан жүзге дейінгі отардан бір мал, одан ары қарай қырық малдан бір бас алып отырған. Кенесарының жақтастары мен патша тыңшыларының мәліметі зекет алудың осы үлгісі хан ордасында қаланған тәртіп екендігін мақұлдайды. Демек ілгеріде көрсетілгендей «жүзден – төрт, мыңнан – қырық» емес, қырықтан – бір, мыңнан – жиырма бес болуға тиіс. Ал жырдың соңғы нұсқасында «жүзден – он, мыңнан – жүз» деп тіпті асырып жіберген [2, 206].

Бір қызығы, екінші нұсқада Байтабын батырдың Жаппас жұртын жиып хан Кене атынан айтатын насихат сөзі түгелдей түсіп қалған. Мұнда Наурызбайдың тапсыруымен зекет жия келген Байтабын тоқсанға шыққан Төлеген қарияға дүрсе қоя береді. Егер хан жарлығын орындамасандар «сойқандап кетеміз» деп қорқытады. Ақын осы жерде бастапқы нұсқадағы Өтеген ақсақалды тоқсандағы Төлегенге ауыстырып қана қоймай, оны Жаңғабыл бидің әкесі еді дейді. Автордың Байтабын сөзін соңғы нұсқаға енгізбей қоюы, оны тұтастай жыр мәтінінен кертіп алып тастауы тегін емес, әрине. Байтабын сияқты «қаракшы» ұры-қарыға лайық іс қылсын, оның дөкір, қыңыр-қисық қылығы жыр басынан көріне берсін дегені.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тарихи жырлары нақты өмірде болған тұлғалардың қаһармандық істерінің негізінде дүниеге келген, халықтың батырлық салтын, наным-сенімін, ұлттың рухын

бейнелейтін қасиетті мұра болып табылады. Тарихи жырлардың кейіпкерлері бұқара халықтың болашағы үшін алысады, зеңбірегін сүйрете келген отарлаушы жат жұрттықтардан қазақ жерін қорғау жолында ел есінде қалғандай орасан ерліктер жасайды. XIX ғасыр шеңберінде орын алған ұлт-азаттық көтерілісінің басшылары осындай ірі іс-қимылдары үшін тарихи жыр кейіпкерлеріне айналды. Идеялық мазмұнында түрлі қайшылықтар ұшырасқанымен Н.Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» туындысында да тарихи тұлғалар бейнесі сомдалған. Байтабын батыр – «Жасауыл қырғыны» дастанының нұсқаларындағы айтулы тұлғалардың бірі. Оның Наурызбайдың ең жақын досы, мықты батыры болғаны тарихтан мәлім. Нұрхан Ахметбеков те оны осы тұрғыдан бейнелейді.

Алғашқы нұсқада Байтабынның қазасы туралы оқиғаға біршама көлемді эпизод бөлінген. Батыр жан сауғалап құтылуды ар көріп, жау ниетін аңғарған бойда керегені қиратып жарып шығады. Жабылған көп жігітке бой бермей жалаңаш жұдырықпен жағаласып жүріп Қарасайға бет түзейді. Содан күн шыққанша жауына алдырмай, талтүсте Қошалақтың құмын көреді. Одан әрі Қарасайдың тұзына түсіп, сордың бел ортасында демін алып отырғанда, бес қаруын асынған қуғыншылар да жетеді. Осы жерде сегіз мерген сегіз жерден кезек-кезек қару жұмсап, бір оқ дәл маңдайдан келіп тиеді. Байтабын сол арада жан тапсырады. Батыр жығылған соң мергендер жақын келіп, Байтабынды мазақ қылып, атын атап шақырады. Кейін Байтабын қаза тапқан қалың сор «Байтабын соры» аталып кетеді.

Бір қызығы, «Жасауыл қырғынының» бірінші нұсқасына жан бітірген осы көрініс кейінгі нұсқада түгелге жуық өзгерген. Мұнда керегені бұзып шығып, көппен жалғыз алысатын Байтабын батыр жоқ. Автор оны елеусіз, елдің көзіне шалынбай жабықтан секіріп қашатын Байтабынға ауыстырған. Содан соң Байтабынды жабылып ататын көп мергеннің орнын Қара Нұрым деген кейіпкер басыпты. Сол Нұрым Байтабынды жалғыз оқпен жайратып, сүйреп әкеліп құрғақ жерге көміп жатқанда, Наурызбай төреден көз жазып қалған Жаңғабыл келеді.

Қалың бұқара халық хан Кененің сенімді серігі Байтабын батырға көп үміт артқан секілді. Омар Шипиннің «Иман батыр» жырындағы: «Кіші жүз Есентемір ер Байтабын, Сол жылы оның жасы дәл отызда. Сымбатты, балуан батыр көркем жігіт, Жігіттер, заманында оған пенде» [9, 5], Қараевта: «Өзгеден артық көрген сүйіктісі, Байтабын есіл ері қайда қалған» [3, 2] – деген жолдар халықтың батырға деген шексіз сүйіспеншілігін дәлелдеп тұрғандай көрінеді. Бұл айтылғандардан халық ақындарының Байтабын бейнесін сомдауға айрықша көңіл бөлгені байқалады.

Н.Ахметбеков «Жасауыл қырғыны» оқиғасына байланысты өзі негізгі санаған басты-басты әңгімелерді жыр арқауы ете отырып, сол оқиғаға қатысқан адамдардың аты-жөнін тізіп айтуды мақсат етпегендей көрінеді. Мысалы, тарихи деректерде осы жерде қаза тапқан Ысық Қанай Байқұлақов, Төлеген Қожабаев сынды Кенесарының белгілі батырларының есімдері аталады. Әрине, бұл айтылғандардан шығарманың мазмұнына да, тарихилығына да ешқандай нұқсан келіп тұрған жоқ.

Жаңғабыл ауылына барғанда жау ниетінен хабарсыз қос батыр бір-бірінен алшақ орналасқанға ұқсайды. Жырдың бастапқы нұсқасында Наурызбайдан көз жазып қалған жаппастықтар Байтабынды ұстауға аттанады. Ақайдар Шалжанұлының жазбасында: «Жаңғабыл Төлегенов адамдарды аттандырып тұрып, алдымен Байтабын жайғасқан ауылға «Абылайлап» шабындар, жақындағанда аталарыңның атын өздерің білесіңдер ғой», – дейді. Сөйтіп, «Абылайлаған» Наурызбай болар деп алаңсыз отырған Байтабын қапыда қалады. Бір қызығы, Байтабынқызы жоқтауында дәл осы оқиға өзгеріссіз берілген.

Жасауыл қырғыны оқиғасынан хабардар адамдардың айтуына қарағанда, Байтабынқызы жоқтауы әу баста көлемді туынды болған көрінеді. Оның қағазға түскен нұсқасы әбден ұмытылып, біраз қысқарған үлгісі сияқты. Соның өзінде Жаңғабыл қолының «абылайлап» шапқаны, шөмекей Сарман бидің қазасы, Байтабынның қапыда қаза табуы, Жаңғабылдың кіреден келіп ұрыс салуы, осы оқиға барысында Орта жүз елінен біраз адам қаза тапқаны, Жаңғабылдың Бұқар, Үргенішпен тығыз байланыста болғаны айтылады. Қысқасы, осы Байтабынқызының жоқтауында жасауыл қырғыны оқиғасының қыр-сырын ашатын мәліметтер молынан ұшырасады екен. Бүтін жасауыл қырғыны оқиғасына қатысы бар барлық

жанрлардағы әңгімелердің бастауы осы жоқтауда жатқандай көрінеді. Осы жерде Мұхтар Әуезовтің: «Халық арасында әлдебір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырларды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп, тұңғыш эпостық дастанның негізін қалауы ықтимал» [1, 146], – деген сөзі өте орынды айтылған пікір екеніне көзіміз жеткендей болады.

Тарихи-фольклорлық үлгілердің басым бөлігінде Наурызбай батырдың жауынан беті қайтпайды, жекпе-жекте үнемі жеңіске жетіп отырады. Керек десеңіз, Наурызбайдың сәтсіз жорығы саналған «Жасауыл қырғыны» жырының өзінде қулық-сұмдықпен қастандық жасаған Жаңғабылдан Наурызбайдың ерлігі басым болады. Ақын «Жасауыл қырғынының» алғашқы нұсқасында Наурызбайдың батырлық болмысына тән мінез-құлқын, сыр-сипатын жалаң баяндамай, іс-әрекет үстінде көрсетеді. Бұл нұсқада айнала жаудың қамап келе жатқанын Наурызбайға арғынның Төке атты жігіті хабарлайды. Тосын хабар жетісімен бес қаруын асынған Наурызбай керегені қылышпен шауып жарып шығады да, Құбақанға секіріп мініп, қозғала береді. Сонда Жаңғабыл атынан түсіп, төреге желбегей жаяу келіп: «Наурызбай, бір көріспей кеткенің бе? Сағындым өзіңді, кел бері», – деп, батырға тақай береді. Оның ойы Наурызбайды ат үстінен тартып түсіру екен. Оң қолын қылышының қынабына созған төренің сыңайын байқаған соң қаймығып, тауы қайтып, хан Кенеге сәлем жолдайды. Наурызбай Жаңғабылға: «Байтабын тірі болса, аман қалдыр», – деп өтініш айтады. «Байтабын тірі келсе, өлтіртпен», – деп уәдесін береді. Әрі қарай Наурызбай Жаңғабылмен қош айтысып ел жаққа бет түзеді. Осы жерде кетуге айналған төренің соңынан қуғыншылардан үш жүз кісі ілесе жүреді. Көп ішінде жаппастың сумұрын деген атасынан тарайтын Байтілеу деген батыр Наурызбайды жекпе-жекке шақырады. Наурызбай «қайтыңыз» деп қанша өтінсе де, әлгі батырдың ақылға келетін түрі байқалмайды. Сол кезде ыза бұған Наурызбай көп қуғыншының арасынан суырылып шығып, ұзап кетеді де, қайта оралып шабады. Байтілеумен шақыр-шұқыр араласып, майданға кіреді. Наурызбайдың ауыздан салған найзасы желкеден тесіп өткен екен сол жерде Байтілеу батыр аттан жығылып, сұлап түседі. Осыдан кейін Наурызбай Ұлытауды бетке алып, Құбақан атымен жорта жөнеледі. Ал, үрей билеген қуғыншылар төренің соңынан түсуге бата алмай төбе басында қала береді.

Ал «Жасауыл қырғынының» соңғы басылымында Наурызбай төреге жаудың келгенін бір адам хабарламайды. Ол Жаңғабылдың жасауылдарды өлтірмекке ниеттенгенін алдын ала өзі болжап біледі. Наурызбай бұл нұсқада туырлықты қылышпен тіліп, белдеуде тұрған Топжарғанға қарғып мініп, қолына найзасын іліп, беті ауған жаққа қаша жөнеледі. Ақын төрені бір ажалдан адайдың Құбақан аты құтқарды дейді. Мұнда бастапқы нұсқадағы арғын Төкенің хабары, Наурызбайдың Байтілеумен жекпе-жегі, Жаңғабыл мен Наурызбайдың тілдесуі, үш жүз кісі қуғыншының Наурызбайдан қорқып жабыла кетуге батпауы сөз болатын толық эпизод, кейіпкер бейнесін ашатын детальдар көзге шалынбайды. Екінші нұсқаның соңында жау қарасы көрінген бойда Топжарғанның арқасында аман құтылған Наурызбай төренің хабарын Жаңғабылдан білеміз.

Соңғы нұсқада Наурызбай ерлігін сипаттайтын эпизодтың болмауы тегін емес. Автор қанды қырғын ішінде ұрыс салған сайын қайраты тасып отыратын шапшаң найзагер, қызуқанды Наурызбайдың басты кейіпкер Жаңғабылдан биік, үстем болғанын қаламайды. Оның үстіне «көп қарақшының» басшысын «батыр еді» деп, өрт мінезін, жанкешті әрекеттерін сипаттау жыр табиғатына, идеялық мазмұнына қайшы келер еді.

Тарихи мәліметтер алғашқы нұсқада суреттелетін Наурызбай әрекеттерінің нақты өмірде орын алған оқиғалармен үндесетінін дәлелдейді. Мысалы, Алшынбай Баекин деген азамат жаппастықтардың Кенесарыға зекет төлеуге қарсылық білдіруі мен Жаңғабылдың Наурызбайды өлтірмек ниетте болғаны туралы мәліметінде Жаңғабылдың Наурызбайды қолға түсірмек оймен атынан түсіп, оған жаяу барғаны, бірақ Жаңғабылдың күдікті ісінен күмәнданған Наурызбайдың Жаңғабылға сол қолын ұсынып, оң қолымен алдаспанын ұстап тұрғандықтан, оның Наурызбайды тұтқындай алмай жібере салғаны, жасауылдардың соңынан түскен жаппастықтардың батыры Көтібар Төленовтің Наурызбай қолынан қаза тапқаны туралы деректер бар [5, 295]. «Жасауыл қырғынының» бірінші нұсқасында ажалы Наурызбай

найзасынан келетін жаппас батыры Байтілеу болатын. Бұл тұстағы өзгешелік адам атында ғана. Әйтпесе жыр уақыт шындығынан ауытқымай, әлеуметтік өмірдегі тарихи құбылыстардың шынайы суреттерін дәл баяндаған. Жыр нұсқаларынан тарихи деректерді өзінше қорытып, халық әдебиеті дәстүрінің үлгісінде жырлаған ақын талпынысын көреміз.

Осы оқиғаның ізін ала Кенесары әскері Жаңғабыл Төлегеновті өкшелеп қуған екен, олар күні-түні қашып отырып, Қоқан меншігіне өтіп кетіпті. «Жаңғабыл тоқсан үш жігіттің бас терісін бігеу сойып, Қоқан үкіметіне тарту қылыпты. Сол үшін датқалардың үстінен қарайтын «датқа» дейтін шен алыпты. Орысқа барып, осы оқиғаның басы-қасында болдым дегендер де шен-шекпенсіз қалмапты» [2, 178].

Кенесары Жаңғабыл Төлегеновтің бұл ісін жауапсыз қалдырмайды. Араға уақыт салып, жасауыл қырғыны оқиғасына қатысы бар жаппас рубасыларының ауылдарын шабады. Наурызбай сарбаздарын өлтіруді ұйымдастырған Жаңғабыл, Сұлтан Омар, старшина Мырзабек Құлманов, Ниман Алтыбаевтардың үйір-үйір жылқысын, отар-отар малын айдап әкетеді. Наурызбай жасауылдарын өлтіру ісіне қатыспаған жаппас руының басқа бөліктері көтерілісшілерді үнемі қолдап отырған. Ол жайында жасауылдарды қапыда өлтіру ісін жасырын ұйымдастырушылардың бірі Елемес Сұлтанбаев Ахмет Жантөринге жазған хатында: «Кенесары сұлтан былтырғы біз өлтірген жасауылдар үшін Жаңғабыл екеумізге тісін қайрап жүр. Кенесары ұстап алмасын деп Сібір линиясына кетіп барамыз. Бірақ біздің руластарымыздан жүз жиырма ауыл бөлініп, Торғайға жөнелді. Олар бізден кетпендер деген сөзімізге құлақ аспады. Біз Кенесары жасауылдарын өлтіруге қатысқан жоқпыз, сондықтан Кенесарыдан бас тартпаймыз», – дейді.

Н.Ахметбеков жырлаған «Жасауыл қырғыны» туындысы нақты өмірде орын алған оқиғаның көшірмесі емес. Автордың түпкі мақсаты – оқырман қауымды өзі баяндап отырған тартысты көріністердің растығына сендіру, жан-тәнімен иландыру. Ал, егер осы туындының тарихи негізіне назар аудармай оны дау тудырмас шындықтың өзі деп қабылдар болсақ, онда хан Кененің қорқау қасқырдай өз жұртын талауға салған қарақшы екенін мойындауға мәжбүр боламыз. Белгілі бір әлеуметтік топтың ықпал-әсерімен жырлаған ақынның көздегені де осы.

«Жасауыл қырғыны» дастанына өзек болған сюжеттің жалпақ елге танылуы – шығарманың оқырман көңілінен шыққандығының дәлелі. Ақын басты кейіпкер бейнесін сомдау барысында өмірде орын алуы мүмкін жағдайларды ойдан шығарып қосқан, яғни шығарманың оқырман сезіміне әсер ету мақсатында көркемдік-әдеби қиялға ерік берген. Сөйтіп Жаңғабылдың қилы замандағы «тәуекелі зор» іс-әрекеттерін суреттей отырып, ағайын-туыстың, жоқ-жітіктің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, әділетсіздікке жаны қас саналы ру басының тұлғасын жасамақ болған. Жыр мәтінінің түрлі текстологиялық өзгерістерге ұшырап отыруы – фольклор жанларына тән шарттардың бірі. Эпикалық шығармаларда орныққан тұрақты мотивтерді жаңаша өңдеп, шағын оқиғалармен ауыстыру сияқты барлық халық әдебиеті үлгілерінің сюжеттік желісінде жүріп жататын табиғи үдеріс тарихи жырларға да жат емес. Тағы бір атап айтар нәрсе сол – ауыз әдебиетінде түрлі варианттан тұтас мәтін құралмайды. Жыр нұсқалары қашанда бірге дамып, толысып, толығып отырады.

Екінші нұсқадағы тағы бір елеулі өзгеріс – алдыңғы нұсқада (вариантта) байқалмаған жаңа кейіпкерлердің төбе көрсетуі. Мұндағы қосалқы кейіпкердің бірі – Қарға. Ол шығармада Байтабын ауыл үстінен мылтық атып, керекті малын күшпен алмақ боп жатқанда пайда болады. Наурызбайдан араша сұрап: «Бетіңе келер жан жоқ, керегінді ала бер. Ауылда Жаңғабыл болмаса да, елді өзім көндірем», – дейді. Сөз арасында хан Кенеге тарту еткен бозтарлан атын да еске салып қояды. Жасауылдарға сауық-сайран құрып, дымын білдірмей қызмет көрсетушілерге ұйытқы болып жүрген де – осы Қарға.

Бұл Қарға – Торғай өңіріне кеңінен мәлім тоқымы кеппеген атақты ұры. М.Сералиннің «Топжарған» поэмасында бой көрсетеді.

«Осындағы үңгіт Қарға тіркесін «Ұңғыт Қарға» деп оқып, Кенесарының төңірегіндегілердің бәрі ұры-қары, берекесіз адамдар еді, өзі солардың әкелген тарту-таралғысынан бас тартпайтын да дейтін болжамдар жасалып келгені рас. Ал шындығында

үңгіт деген елдің, рудың аты еді де, Қарға дейтін сол елден шыққан белгілі жортарман кісінің есімі болатын» [4, 301].

Қарға – Н.Ахметбековтің «Қарға» аталатын белгілі дастанының басты кейіпкері. Ол дастанда Қарғаның Ұлы жүз жеріне айттырылған Гүлсін атты қызды өзіне қалай жар еткені, екеуінің бақытты ғұмыр кешкені туралы баяндалады. Бірақ оның Жасауыл қырған ісіне қаншалықты қатысы бары ол шығармада сөз болмайды.

Міне, осылай бірнеше шығармаға кейіпкер болып үлгерген Қарғаның «Жасауыл қырғыны» туындысындағы басты кейіпкер Жаңғабыл Төлегеновтің жанынан табылуы, оның Кенесары жасауылдарын алдап-арбап тұзаққа түсіруі, қарусыз сарбаздарды өлтіруге қатысуы кім-кімді де сендірмейді. Бұл өзі көркемдік талаптардан туған шешім емес. Бастапқы нұсқадағыдай Жаңғабыл жалғыз болмасын, қасында халықтың өкілі, көпке мәлім Қарға жүрсін деген таптық көзқарастан туған саяси-идеологиялық мақсат- мұраттың жемісі. Мұның астарында Жаңғабылды қалың бұқара қолдады, ал жасауылдар қазасы сол халықтың үкімі деген ой жатыр. Қалың қарашаның көзін байлап, соған сендіру мақсатында жасалған дүние десе де болғандай.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада ел ішіне кең тараған сондай жыр-әңгімелер негізінде жазылған Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастанының екі бөлек уақытта жазылған қос нұсқасының сюжеттік желісінде, кейіпкерлер әлемінде, тартыс сипатында, көркемдік кестесінде, тарихи шындыққа қатысы мен идеялық мазмұнында кездесетін айырмашылықтардың түпкі себебі ашылады. Осы мақсат жүзеге асырылуы үшін тарихи-салыстырмалы, жүйелі зерттеу және кешенді зерттеу әдістері қолданылды.

Нұрхан Ахметбеков «Жасауыл қырған» оқиғасын алғаш өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында дастанға айналдырып жазған болса, екінші нұсқаны XX ғасырдың елуінші жылдарында кітап етіп шығарды. Ақын қаламынан туған екі нұсқаның көлемі де бірдей емес. Алғашқы нұсқаның жалпы жобасы бес жүз жол шамасында болса, соңғы нұсқа мың жолдан асып жығылады. Қалай дегенмен «Жасауыл қырған» оқиғасын жырлап, хатқа түсірген ақындардың екі түрлі бағыт ұстанғаны байқалады. Олардың бір тобы Жаңғабылдың жолсыз әрекетін ерлікке балап әсірелеп баяндаса, екінші топ жыр желісіндегі Наурызбай мен Байтабынның батырлық болмысын, тұлғалық қасиеттерін ашуға баса назар аударған. Ел назарын аударған осы оқиға Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғынынан» басқа О.Шипиннің «Жеті батырдың тарихы», Шалжанұлы Ақайдардың «1842-1843 жылдардағы Нысанбай жыраудың «90 кісінді өлтірді, алып па едің кегінді?» деген өлеңінің шешуі» атты ертеректе жазылған тарихи мәні зор қолжазба мұраларда баяндалады. Ол шығармалардың оқиғасы, идеялық мазмұны, ұсынатын деректері бірін-бірі қайталай бермейді. Жасауыл қырғыны оқиғасына қатысы бар мұрағат деректері ұсынатын құжаттарда да қайшылықтар кездеседі. Демек бұл қатардағы маңызды дүниелерді назардан тыс қалдырмай зерттеу нысанына айналдырып, көркемдік сипатын, тарихи негізін ашып отыру парыз.

Шын мәнінде тарихи өлең-жырларды дүниеге әкелетін белгілі оқиғалардың бел ортасында жүрген куәгері әрі қатысушысы боп саналатын қарапайым халықтың өзі десек, «Жасауыл қырған» оқиғасы жайындағы тарихи-фольклорлық үлгілерде, Р.Бердібаев айтқандай, тарихи шындықтың бұрмалатынын, өмірде орын алған жайттарды халықтың өзінше қабылдауын, оқырманның тарихи санасының шытырман әрі қайшылықты болып отыратынын, халық әдебиетінде түрлі идеологиялық ұстанымдардың қат-қабат келуін, болмысты эстетикалық қабылдаудың ерекшеліктерін түсінгендей боламыз.

«Жасауыл қырғыны» туындысының нақты өмір шындығынан бастау алатыны ешқандай күмән туғызбайды. Дастандағы басты оқиғалар өрістейтін мекен – Торғай өңірі; мезгіл – XIX ғасырдың қыркыншы жылдары; негізгі кейіпкерлер өмірде жасаған, өз кезінде қазақ қауымына кеңінен танылған нақты адамдар, бұлардың шығармаға өзек болған іс-әрекеті, араласқан оқиғалары – тарихи шындық ауқымында. Бірақ жыр – тарихтың көшірмесі емес.

«Жасауыл қырғыны» жырында ел басынан өткен күрделі кезең сипаты суреттеледі, сол кезеңде өмір сүрген тұлғалар туралы кейінгі буынның ұғым-түсінігі көрініс табады, халықтың өз басынан өткерген оқиғаға берген бағасы мен тарих сәулесін бойына сіңірген көркемдік танымы бой көрсетеді. Біз «Жасауыл қырғыны» дастанын зерттегенде өзіміз маңызды санаған кейбір мәселелерге ғана тоқталдық. Әрине, осы айтылғандардың төңірегіне шықпау керек деген ұғым туғызуға болмайды. Бірнеше нұсқасы бар көлемді шығарманы зерттеу – қат-қабат сырлары бар өте күрделі жұмыс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов М. Уақыт және әдебиет // Классикалық зерттеулер. 15-том. – Алматы, 2015. – 146 б.
- 2 Бекмаханов Е. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан. – Алматы, 1993. – 292 б.
- 3 Қараев Қ. Кенесары-Наурызбай. – ҒА ОҒК 1338-бума. 13 дәптер.
- 4 Мекебаев Т., Бисенбаев П. Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілер. – Алматы, 2015. – 199-301б. – оқу құралы.
- 5 Алшынбай Баекінің Жаппас руының салық жинауға қарсы әрекеті, Жаңғабылдың Наурызбайды өлтірмек болғаны туралы айғақтары // Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі (Құжаттар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1996. – 295-298б.
- 6 Рязанов А.Ф. Кенесары Қасымов көтерілісі (1837-1847). – Алматы, – 1992. – 31 б.
- 7 Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы, 2016. – 301-302 б.
- 8 Шалжанұлы А. Нысанбай ақынның «Тоқсан кісінді өлтірді, алып па едің кегінді?!» деген өлеңінің шешуі. – ӘӨИ 311-бума, 4-дәптер
- 9 Шипин О. Иман батыр. – ҒА ОҒК 1339-бума. 19-дәптер.
- 10 Шипин О. Жеті батырдың тарихы. – ҒА ОҒК 1337 бума. 2-дәптер
- 11 Kabdeshova, K. (2021). THE EDUCATIONAL ESSENCE OF THE AUTHOR'S HISTORICAL EPICS. The Scientific Journal "Keruen", 71(2). Retrieved from <https://keruenjournal.kz/main/article/view/28>
- 12 Dautova G. THE IMAGE OF "DEFENDER-HERO" IN HISTORICAL EPOSES. (On the materials of the Kazakh Epics) // International Journal of Sciences and Research, Vol. 73 | No. 10, 2017 DOI: 10.21506/j.ponte.2017.10.17
- 13 Peter Zh. New Media, New Literary Theory, and New Literature from an Interological Horizon // Signs and Media, Volume 2, Issues 1–2, 2023, Pages 1-22
- 14 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, Pages 189-193
- 15 Buzaubagarova K. Regarding to the Question of Poetics of Kazakh Heroic Epic // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 192, 24 June 2015, Pages 656-659

Материал 18.06.2024 баспаға түсті

Варианты дастана «Смерть Есаула»: историзм и мир героев

П.Бисенбаев¹, С. Тілеубаев¹, А. Ибрагим¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050000, Республика Казахстан

В историко-фольклорных образцах сохранились различные версии события есаульской бойни середины XIX века. В статье речь пойдет об особенностях версии поэмы Нурхана Ахметбекова «Смерть есаула», написанной на основе поэтических рассказов, широко распространенных в народе. Если уточнить, то раскрывается первопричина различий в сюжетной линии, мире персонажей, характере конфликта, художественном узоре, отношении к исторической действительности и идейном содержании двух вариантов, написанных в два отдельных времени, рожденных от пера одного автора. В небольшом

исследования встречаются редкие рукописи, не опубликованные в печати, и новые данные, еще не поступившие в научный оборот. В то же время авторы не оставляют без внимания и тот факт, что с 50-х годов прошлого века, когда сбор и изучение историко-фольклорных образцов о Кенесары-Наурызбае было запрещено, дастан «Смерть есаула» стал инструментом советской идеологии как произведение, разоблачающее «преступление» хана Кене. В статье также раскрывается характер сложного для страны периода и сущность политических конфликтов.

Ключевые слова: версия, жанр, мир персонажей, сюжет, конфликт, поэт, образ, фольклор, автор.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ауэзов М. Время и литература // Классические исследования. Том 15. – Алматы, 2015. – ст. 146
- 2 Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1993. – ст. 292.
- 3 Караев К. Кенесары-Наурызбай. ИЛИ 1338, 13 тетрадей.
- 4 Мекебаев Т., Бисенбаев П. Историко-фольклорные образцы о Кенесары-Наурызбае. – Алматы, 2015.- ст. 199-301 – учебное пособие.
- 5 Показание Алчинбая Баекина о выступлении рода жаппас против сбора налогов, о попытке Джангабыла убить Наурызбая // Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (Сборник документов). – Алматы: Ғылым, 1996. – ст. 295-298
- 6 Рязанов А.Ф. Восстания Кенесары Касымова (1837-1847). – Алматы, – 1992. – с.31
- 7 Тлепов Ж. Казахская литература эпохи ханства. – Алматы, 2016. – с. 301-302.
- 8 решение стихотворения поэта Нысанбая «Вас убили девяносто, вы бы отомстили?!». – Том 311, тетрадь 4
- 9 Шипин О. Герой батыр. – Комплект 1339, Книга 19 Национальной Академии Наук Республики Казахстан.
- 10 Шипин О. История семи героев. – 1337 Национальной Академии Наук Республики Казахстан. Блокнот 2
- 11 Kabdeshova, K. (2021). THE EDUCATIONAL ESSENCE OF THE AUTHOR'S HISTORICAL EPICS. The Scientific Journal "Keruen", 71(2). Retrieved from <https://keruenjournal.kz/main/article/view/28>
- 12 Dautova G. THE IMAGE OF "DEFENDER-HERO" IN HISTORICAL EPOSES. (On the materials of the Kazakh Epics) // International Journal of Sciences and Research, Vol. 73 | No. 10, 2017 DOI: 10.21506/j.ponte.2017.10.17
- 13 Peter Zh. New Media, New Literary Theory, and New Literature from an Interological Horizon // Signs and Media, Volume 2, Issues 1–2, 2023, Pages 1-22
- 14 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, Pages 189-193
- 15 Buzaubagarova K. Regarding to the Question of Poetics of Kazakh Heroic Epic // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 192, 24 June 2015, Pages 656-659

Материал поступил в редакцию журнала 18.06.2024

Variants of the "death of esaul" saga: history and the world of heroes

P. Bisenbaev¹, S. Tleubaev¹, A. Ibragim¹

¹Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, 050000

²Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

In historical and folklore samples, various versions of the event of the Esaul massacre of the mid-XIX century have been preserved. The article focuses on the features of the versions of Nurkhan Akhmetbekov's poem "The Death of Yesaul", written based on poetic stories widely distributed among the people. To clarify, it reveals the root cause of the differences in the storyline, the world of characters, the nature of the conflict, the artistic pattern, the relationship to historical reality and the ideological content of the two versions, written in two separate times, born from the pen of one author. In a small study, rare manuscripts have not been published in print, and new data have not yet entered scientific circulation. At the same time, the authors do not ignore the fact that since the 50s of the last century, when the collection and study of historical and folklore samples about Kenesary-Nauryzbai was prohibited, the dastan "Smert Esaula" became an instrument of Soviet ideology as a work exposing the "crime" of Khan Kene. The article also reveals the nature of the difficult period for the country and the essence of political conflicts.

Key words: version, genre, world of characters, plot, conflict, poet, image, folklore, author.

REFERENCES

- 1 Auezov, M. (2015), *Uakyt zhane adebiet // Klassikalyk zertteuler* [Time and literature// Classic researches], Vol. 15, Almaty, p.146.
- 2 Bekmakhanov, E. (1993), *Kazakhstan v 20-40gody XIX veka* [Kazakhstan in 20-40 years of XIX century], Almaty, p. 292.
- 3 Karaev, K. *Kenesary-Nauryzbay*, SACSL bundle 1338, 13-copybook.
- 4 Mekebaev, T., Bisenbaev, P. (2015), *Kenesary-Nauryzbai turaly tarihi-folklore ylgiler* [The historic-folklore samples about Kenesary-Nauryzbai], Almaty, p. 199-301.
- 5 *Pokasaniye Alchinbaya Baekina o vistuplenii roda zhappas protiv sbora nalogov, o popitke Dzhangabyla ubit Nauryzbaya // Nasionalno-osvoboditelnaya borba kazakhskogo naroda pod predvoditelstvom Kenesary Kasymova* [The testimony of Alchinbai Baikin about the speech of the Zhappas family against tax collection, about the attempt of Dzhang to kill Nauryzbai // The National Liberation Struggle of the Kazakh people led by Kenesara Kasymov] (Collection of documents), Almaty: gylm, 1996, pp.295-298
- 6 Ryazanov, A.F. (1992), *Vosstaniya Kenesary Kasymova* [Riot of Kenesary Kasymov] (1837-1847), Almaty, p.31.
- 7 Tilepov, Zh. (2016), *Kazakh halkynyn khandyk dauir adebiyeti* [Literature of the khanate of the Kazakh people], Almaty, p.301-302.
- 8 Shalzhanyly, A. *Nysanbai akynyn "Toksan kisingdi oltirdi, alyppa eding kegingdi ?!" degen oleninining sheshui* [The solution of the poem of poet Nysanbai "Did you take revenge, your ninety people were killed? "], ILC 311-bundle, 4-copybook.
- 9 Shipin O. *Iman batyr*, SACSL 1339-bundle, 19-copybook.
- 10 Shipin O. *Zheti batyrdyn tarihy* [The history of Seven Batyrs], SACSL1337-bundle, 2-copybook.
- 11 Kabdeshova, K. (2021). THE EDUCATIONAL ESSENCE OF THE AUTHOR'S HISTORICAL EPICS. The Scientific Journal "Keruen", 71(2). Retrieved from <https://keruenjournal.kz/main/article/view/28>
- 12 Dautova G. THE IMAGE OF "DEFENDER-HERO" IN HISTORICAL EPOSES. (On the materials of the Kazakh Epics) // International Journal of Sciences and Research, Vol. 73 | No. 10, 2017 DOI: 10.21506/j.ponte.2017.10.17

- 13 Peter Zh. New Media, New Literary Theory, and New Literature from an Interological Horizon // Signs and Media, Volume 2, Issues 1–2, 2023, Pages 1-22
- 14 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, Pages 189-193
- 15 Buzaubagarova K. Regarding to the Question of Poetics of Kazakh Heroic Epic // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 192, 24 June 2015, Pages 656-659

Received: 18.06.2024

МҒТАР 16.01.11; 16.21.45

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp206-219](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp206-219)

А.М. Картаева¹, К.А. Кусманова¹, К.К. Молгаждаров², А.О. Спатай³

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, 070020, Қазақстан Республикасы

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

³Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, 160000, Қазақстан Республикасы

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Мақалада Ильяс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында кездесетін Ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атауларының қолданылуын қарастырады. Ұлы Жібек жолының адамзат өркениеті мен тарихындағы маңызы, сондай-ақ сауда мәдениетіндегі қызметі айтылады. Қазақ халқының тарихи шежіресін кең құлашта суреттеген көрнекті жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын талдауға басты назар аударады. Трилогияның қазақ прозасындағы орны, қозғалатын тақырыбы, идеясы, сюжет желісі, образдар жүйесі сөз болады. Бұл шығарма қазақ халқының бес жүз жылдық тарихын жаңғыртуға және тарихымыздың белгілі тұлғаларының бейнесін жасаған тарихи энциклопедия екені дәйектеледі. «Көшпенділер» трилогиясындағы Ұлы Жібек жолына қатысты топонимдерді тауып, жазушының шығармада жер-су атауларын қолданудағы тарихи көркемдік шеберлігі сараланады. Ел мен жердің тарихынан мәлімет беретін жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көп кездесетінін анықтап, олардың шығармада маңызды қызмет атқаратыны дәлелденеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары шығармада табиғат көріністерін, ел-жер тарихын, кейіпкерлер характерлерін бейнелеу кезінде қолданылатыны анықталып, жазушының көркемдік шеберлігіне талдаулар жасалады. Шығармада өзендер, көлдер, таулар ежелден келе жатқан тарихи атаулармен аталатыны көрсетіледі. Жібек жолы бойындағы жер-су атаулары «Көшпенділер» трилогиясында көрініс тауып, тарихи шындықпен көркемдік тұрғыдан шебер бейнеленгенін тұжырымдайды.

Кілт сөздер: трилогия, ұлы Жібек жолы, жер-су атаулары, топонимдер, тарихи роман.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұлы Жібек жолы б.э.б. II ғасырдан бастап Шығыс Азиядан Жерорта теңізіне дейін салынған көне керуен жолы екені бәрімізге белгілі. Көне Қытайдың Сиан-Ланьчжоу-Дуньхуан қалаларынан бастау алатын керуен жолы, негізінен, қытай жібегін саудалау мақсатында пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін алғаш енгізген (1877 ж) неміс географ-ғалымы Ф.фон Рихтгофен жолдың осы ерекшелігін ескерген.

«Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шанның күнгей жағы – Қарашар – Куча